

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандағы
№ 51 бұйрығына 57-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 602 -қосымша

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Музыка» пәнінен
жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – қазақ дәстүрлі музыкасы, әлем халықтарының шығармашылығы, әлемдік классика және заманауи музыка үздік үлгілері негізінде сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) музыканы зерделеу және оның басқа да өнер түрлерімен байланысы арқылы әлемнің біртұтас бейнесі туралы ұғымды қалыптастыруға ықпал ету;

2) адам өміріндегі музыканың рөлі, оның рухани-адамгершілік дамуындағы мәні туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;

3) сыни ойлау дағдыларын және музыкаға, музыкалық іс-әрекетке жағымды қарым-қатынасты дамытуға ықпал ету;

4) музыкалық шығармаларды талдауға, орындаушылыққа, импровизацияға, шығармашылық тапсырмалар мен презентацияларды орындауға тарту арқылы білім алушылардың білім, білік пен дағдыларын қалыптастыру;

5) әрбір білім алушының шығармашылық әлеуетін, орындаушылық және зерттеу дағдыларын жүзеге асыру, музыкалық қабілеттерін анықтау;

6) музыка арқылы қарым-қатынас түрлері туралы білім негіздері мен түсініктерін қалыптастыру;

7) музыкалық мәдениет негіздерін қалыптастыру, көркемдік талғам мен музыкалық өнерге және музыкалық қызметке қызығушылығын дамыту.

4. Түзете - дамыту міндеттері:

1) дұрыс дауыс шығару және дұрыс физиологиялық тыныс алу дағдыларын дамыту;

2) өзін-өзі ұстау, шыдамдылық, ерік-жігерлік қасиеттерін тәрбиелеу арқылы екінші сатылық эмоциялық және әлеуметтік жетіспеушіліктердің алдын алу;

3) сөйлеудің психологиялық базасын дамыту үшін жағдай жасау: кеңістіктік және уақыттық түсініктер, сенсорлық процестер, ұсақ моторика, жоғары психикалық функциялар, қарқын мен ырғақты сезіну;

4) сөйлеу тілінің барлық компоненттерін жетілдіру: дұрыс дем алу, дем шығару, дыбыстау, грамматикалық құрылыс, сөздік қор, байланыстырып сөйлеу тілі және жалпы анықтылығы;

5) дыбыс шығару, тембрлі және динамикалық есту арқылы естіп қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету;

6) тыныс алу, дауыс және артикуляция арасындағы үйлесімділікті дамыту;

7) өз сөзін дыбыстауға жауапкершілікпен қарауды дамыту: дикциялық айқындыққа, интонациялауға және мәнерлілікке ұмтылу және қабілеттілік.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Оқыту процесі құндылыққа-бағдарланған, тұлғаға-бағдарланған, іс-әрекеттік, саралап оқыту, коммуникативтік және көркемдік-музыкалық тәсілдер негізінде жүзеге асырылады.

6. Құндылыққа-бағдарланған тәсіл «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде білім алушылардың тұлғалық дамуына ықпал ете отырып, музыкалық оқу іс-әрекетінің жоспарлы қалыптасу стратегиясын анықтайды: музыка сабақтарында қазақ және әлемдік музыкалық мәдениеттің жауһарларына баулу әлемнің біртұтас көркем бейнесін қалыптастыруға, патриоттық сезімдерді, полимәдени қоғамдағы толерантты қарым-қатынасты тәрбиелеуге бағытталған.

7. Тұлғаға-бағдарланған тәсіл білім алушылардың әрқайсысына қатысты дараландыру мақсатында қолданылады: олардың шығармашылық әлеуетін іске асыру, өнерге қатысты өзінің көзқарасын білдіруге дайын болу, құндылықты мағыналық бағдарларын қалыптастыру, оң өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі құрметтеу, өмірлік оптимизм және психикалық, дене және сөйлеу дамуының жеке ерекшеліктерін, мінез-құлықтың қажеттіліктері мен уәждерін ескере отырып шығармашылығын толық ашу.

8. Іс-әрекеттік тәсіл - білім алушы музыка саласындағы білімдер жүйесін дайын күйінде емес, өз бетінше игереді, музыкалық-оқу іс-әрекетінің мазмұны мен нысандарын түсініп, оның нормаларын қабылдайды, бұл «білу», «түсіну»,

«қолдану», «талдау», «бағалау», «синтездеу» санаттары бойынша топтастырылған білімін, оқу іскерліктері мен шығармашылық дағдыларын белсенді және табысты қалыптастыруға ықпал етеді.

9. Сараланған тәсіл сөйлеу бұзылысының нозологиясын ескере отырып, білім алушылардың әртүрлі топтары үшін оқу процесін саралауды білдіреді.

10. Коммуникативтік тәсіл музыка сабақтарында нақты қарым-қатынас жағдайын жасауды, белсенді шығармашылық қызметін ұйымдастыруды, ұжымдық жұмыс түрлерін қолдануды, проблемалы жағдайларға және тиімді коммуникация процесіне балаларды тартуды қарастыратын сабақтардың шығармашылық түрлеріне назар аударуды көздейді.

11. Көркемдік-музыкалық тәсіл шығармашылық іс-әрекеттің әртүрлі түрлері: орындаушылық, композиторлық, коммуникативтік және сөйлеу процесінде музыкалық білім негіздерін қолдану бойынша нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған оқу-танымдық іс-әрекеттің түрлерін қарастырады.

12. Онтогенетикалық қағида - музыкалық және арнайы сөйлеу әсерінің мазмұнын әзірлеу кезінде онтогенезде сөйлеудің әртүрлі нысандары мен функцияларын қалыптастыру заңдылықтары мен бірізділігін ескереді, білім алушылардың белсенді сөйлеуінде жай сөйлемнен күрделі сөйлемге дейін әр түрлі модельдерін қалыптастыруды; альтернативадан контекстіге дейін сұрақтарды дәйекті түрде күрделендіріп отыруды көздейді.

13. Кешенділік қағидасы бойынша музыканы оқытуда педагог түрлі саладағы мамандардың көмегі мен қолдауын пайдаланады: дизартрия және тұтықпасы бар білім алушымен жұмыс жасайтын дәрігер-невролог; дәрігер-отоларинголог, пластикалық хирург, ринолалиясы бар білім алушымен жұмыс жасайтын фониастр және хирург-стоматолог; кохлеарлы имплант және сенсорлы алалиясы бар білім алушымен жұмыс жасайтын сурдолог; сөйлеу тілінде әр түрлі бұзылысы бар білім алушымен жұмыс жасайтын психолог, ритмика педагогы және логопед, әсіресе «Музикотерапия элементтері» бөлімі бойынша логопед пен музыка пәнінің мұғалімі бірлесе жұмыс атқарса білім алушылар бағдарламаны тиімді меңгереді.

14. Білім алушыларға қатысты музыка сабағында қолданылатын негізгі әдісі болып логопедиялық ритмика табылады, ол сөздің, музыканың және қимылдың тығыз байланысын келесідей жүзеге асырады:

- 1) музыкалық-ырғақтық қозғалыстар және сөйлеу ойындары;
- 2) ән айту;
- 3) музыкалық аспаптарда ойнау;
- 4) музыкалық-ойын іс-әрекеті;
- 5) ән айту, қозғалыс және аспаптық импровизациядағы музыкалық жаттығулар;
- 6) ән айту кезіндегі саусақ гимнастикасы.

15. Білім алушыларды музыкаға оқыту барысында қамтылатын дәстүрлі емес (альтернативті) әдістер мен тәсілдер:

1) симфониялық оркестрдің орындауында классикалық шығармаларды тыңдау;

2) акустикалық діріл және жүйке орталықтары арасындағы өзара байланысқа негізделген дауысты дыбыстар мен ноталық дыбыстарды төменгі -диафрагмалды тыныс алу бойынша әуендету (ұзақтығы - толық дем шығарғанға дейін, бір дауысты дыбысты айту уақыты - 12 секундқа дейін);

3) дыбыстарды автоматтандыруға мүмкіндік беретін, тыныс алу функциясын жетілдіретін, шаршау мен қысымды болдырмайтын дыбыстық ойындар;

4) қимыл ырғақтық жаттығулар, мимика және ым-ишаралық билер;

5) бұлшықеттерді кезекпен тырыстыратын және босаңсытатын, музыкамен сүйемелденетін арнайы психогимнастикалық жаттығулар мен этюдтер;

6) логопедиялық массаж, музыкамен өз өзіне массаж;

7) көзге арналған музыкалық гимнастика.

16. Кейбір музыка сабақтары немесе фрагменттері сенсорлық бөлме жағдайында «Дыбыстық әсер етуге, логиканы дамытуға, ойын терапиясына және дыбыстың сапасын, күші мен бағытын ажыратуға арналған интерактивті дыбыстық панель», «Акустикалық қабырғалық тактильді панель» қолдана отырып өткізіледі.

17. Мультимедиялық интерактивті оқыту бағдарламалық-әдістемелік кешеннің электрондық ресурсы, оның ішінде интерактивті панель, үш өлшемді аксессуарлары және «Музыкалық талант» бағдарламасы аясында практикалық сөйлеу жұмысын ұйымдастыруға арналған карточкалар кеңінен қолданылады,

3 - тарау. «Музыка» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

18. «Музыка» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 0-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 64 сағатты;

2) 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағатты;

3) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

4) 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

5) 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

19. Бағдарламаның мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

1) «Музыканы қабылдау және орындау» бөлімі;

2) «Музыканы шығару тәжірибесі» бөлімі;

3) «Музыкалық-шығармашылық жұмысты көрсету және бағалау» бөлімі;

4) «Музыкалық терапияның элементтері» бөлімі.

20. «Музыканы қабылдау және орындау» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) музыканы тыңдау және талдау;

2) музыкалық шығармаларды орындау;

3) музыкалық сауаттылық.

21. «Музыканы шығару тәжірибесі» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) музыкалық идеяларды дамыту және материалдарды жинақтау;
- 2) музыка шығару және импровизациялау.

22. «Музыкалық-шығармашылық жұмыс» бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

- 1) музыкалық-шығармашылық жұмысты презентациялау және бағалау.

23. «Музыкалық терапияның элементтері» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) сөйлеудің психологиялық базасын дамытуға арналған музыкалық терапия элементтері;

2) эмоцияларды тұрақтандыруға арналған музыкалық терапия элементтері;

- 3) сөйлеу тілін түзетуге арналған музыкалық терапия элементтері.

24. 0 – сыныпқа арналған «Музыка» пәнінің базалық мазмұны:

1) музыка туралы әңгіме. Музыка қандай сезім береді. Күзгі әуендер. Балалық шақ әндері. Музыкадағы ертегі. Би билеуді ұнатамыз. Біз ән айтуды жақсы көреміз. Қозғалыстағы музыка. Табиғат және музыка. Табиғат туралы әндер. Мереке музыкасы. Көңілді әуен. Музыка қалай айтады. Музыкалық бояулар. Би билейміз – ән саламыз! Біз музыканы айтамыз. Музыкалық тіл, сөйлеу тілі. Біздің сүйікті әндеріміз. Өз біліміңді тексер. Бесік жыры әндері. Отан туралы әндер. Музыка әңгімелейді. Көктем музыкасы. Отан туралы музыка. Мектеп әндері.

25. 1- сыныпқа арналған «Музыка» пәнінің базалық мазмұны:

1) танысу. Менің атым. Менің даусым. Менің көңіл-күйім. Менің сүйікті әндерім. Мен және менің мектебім. Музыкалық дыбыстармен танысу. Мектептегі музыкалық дыбыстар. Музыкалық белгілер. Көңілді достар. Жануарлар – менің достарым. Ритмді өзгерту. Біздің айналамыздағы табиғат. Табиғат музыкасы. Суреттер дыбыстары. Жұлдыздың саяхаты. Атпен серуен. Көңілді саяхат. Көңілді паровоз. Дәстүр. Халық ертегілері. Халық билері. Наурызды қарсы аламыз! Музыкалық дастархан. Музыкалық бояулар. Көкөністер мен жемістердің оқиғалары. Көкөністер мен жемістердің концерті. Оян да, ән сал!. Біз болашақ Отан қорғаушылармыз. Тазалық-денсаулық кепілі. «Қош бол, бірінші сынып!» өнер фестивалі».

26. 2- сыныпқа арналған «Музыка» пәнінің базалық мазмұны:

1) сәлем, мектеп! Мен – тыңдарман. Мен – орындаушы. Мен – композитор. Музыкалық отбасы. Біз бірге ән шырқадық. Биге шақырамыз. Музыкалық суреттер. Достар оркестрі. Сүйікті мектептің дауысы. Музыкалық үзіліс. Көңілді сабақ. Мектеп табалдырығында. Ауа райы. Табиғат музыкасы. Музыкалық карнавал. Тазалық-денсаулық кепілі. Музыкалық жаттығу. Қысқы ойындар. Музыка және спорт. Музыкалық дәстүрлер. Халық ертегілері мен аңыздар. Қазақ қуыршақ-музыкалық өнер. Музыкалық

дастархан. Наурызды қарсы аламыз!. Көктемнен көктемге дейін. Жаз қандай түсті. Күз бояу алды. Қыстың көркем музыкасы. Көктемнің музыкалық бояулары. Музыкалық саяхат. Жеңіс күні жарқын мереке. Өнер фестивалі. Ура! Демалыс!

27. 3- сыныпқа арналған «Музыка» пәнінің базалық мазмұны:

1) туған өлкенің музыкасы. Құстар мен музыка. Ноталар қайда тұрады. Музыкалық пейзаж. Жақсы және жаман. Музыка жақсыға үйретеді. Музыка-көмекші. Жақсы ән. Сағат және музыка. Музыкалық оятар. Жыл мезгілдері. Музыкалық кірпіштер. Музыкалық үйлер. Музыкалық қалалар. Еске түсірейік, қайталаймыз. Музыкалық өнер. Музыкалық суреттер. Біздің оркестр; Ән айтамыз және билейміз! Бала –вундеркинд. «Алып» операсы. Қыз-домбырашы. Су музыкасы. Өзен туралы әндер. Мұхит-теңіз көк. Менің елімнің мерекелері. Жылдың үздік мерекесі. Мерекелік мамыр. Менің елімнің жаңа мерекелері.

28. 4 - сыныпқа арналған «Музыка» пәнінің базалық мазмұны:

1) Қазақстан Республикасында тұратын батыс және шығыс халықтарының музыкалық дәстүрлері. Үлкен скрипканың виртуозы. Рыцарлық дәстүрлер. Мерекелік дәстүрлер. Музыкалық саяхат. Қазақ халқының музыкалық дәстүрлері. Мажор және минор. Махаббат бұлағы. Адам және музыка. Музыкалық жанрлар ағашы. Халық музыкасы. Кәсіби ән. Бард әндері. Симфониялық музыка. Балет. Опера. Мюзикл. Анимациялық фильмдегі мюзикл. Музыкалық эпилог.

4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

29. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлімше ретін, төртінші сан - оқу мақсатының реттік нөмірін білдіреді Мысалы, 1.1.3.4 кодталуында: «1» – сынып, «1.3» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

30. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Музыканы қабылдау және орындау» бөлімі:

1- кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0- сынып	1-сынып	2- сынып	3- сынып	4- сынып
1.1 Музыканы тыңдау және талдау	0.1.1.1 қол жетімді вербалды және вербалды емес құралдарм	1.1.1.1 таныс музыканы есту арқылы тану, оны түсіну және	2.1.1.1 музыканы ң ырғағын, сипаты мен көңіл- күйін анықтау, мұғалімнің	3.1.1.1 тыңдалған музыканың сипатын, мазмұнын, жанрларын, музыкалық мәнерлілігі	4.1.1.1 музыкалық- шығармаш ылық қызметтің әр түрлерінде өзінің

	<p>ен музыкаға тұрақты қызығушылықты көрсету; 0.1.1.2 қазақ халық музыкасын ың дыбысталуына қол жетімді вербалды және вербалды емес құралдармен тұрақты қызығушылықты көрсету; 0.1.1.3 қобызды, балалайка мен барабанды тыңдай отырып, шулы және музыкалық дыбыстарды ажырату, оларды мұғаліммен ұштасқан сөйлеуде нақты атау</p>	<p>мұғалімнің бағыттаушы көмегімен екпінді, динамиканы және регистрді сипаттай отырып ол туралы айту; 1.1.1.2 отандық өнер қайраткерлерінің музыкалық поэтикалық шығармашылығында, қазақ музыкалық фольклорының алуан түрлілігінде бағдарлану; 1.1.1.3 шулы және музыкалық дыбыстарды ажырату, осы дыбыстарды</p>	<p>бағыттаушы көмегімен музыкалық шығарманың көңіл-күйі мен идеясы туралы ойлау; 2.1.1.2 қазақ халық және классикалық музыка аспаптарының қазақ халық және кәсіби музыкасын ың түрлі үлгілерін салыстыру процесінде дыбысталуы мен тембрін салыстыру; 2.1.1.3 әннің түрін ажырату және анықтау: вокалдық, аспаптық және ол туралы сипаттама түрінде</p>	<p>н анықтау және салыстыру; 3.1.1.2 қазақ және Қазақстан халықтарының музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау, отандық халық музыкалық дәстүрлерін бағалау; 3.1.1.3 қарсылықты қатынасты біліретін жалғаулықтармен күрделі сөйлемді пайдаланып, әр түрлі аранжировкаларда музыкалық шығарманың дыбысталуын анықтау және салыстыру</p>	<p>қатынасын көрсете отырып, өнерге эмоционалды, эстетикалық үн қосу; 4.1.1.2 қазақ композиторлары мен жыраулардың музыкалық шығармаларының жанрларын ажырату, стилін анықтау (халықтық, классикалық); 4.1.1.3 музыкалық шығармаларды әуен, интонация бойынша тану және ол туралы әңгіме-сипаттау түрінде ойлау элементтерімен, өзінің ойлары мен сезімдерін жоспар бойынша (5-7</p>
--	---	---	---	---	--

		шығаратын заттар мен аспаптарды сәйкестендіру	айту: үлгі бойынша 4-5 сөйлем		сөйлем) түсіндіру
1.2 Музыкалық шығармаларды орындау	0.1.2.1 өз есімін әндету; 0.1.2.2 дирижерлаудың мазмұны мен маңызы туралы қолжетімді құралдармен айта білу және түсіну; 0.1.2.3 дирижерлаудың мазмұны мен маңызы туралы қолжетімді құралдармен айта білу және түсіну; 0.1.2.4 дирижерлаудың мазмұны мен маңызы туралы	1.1.2.1 қазақ және орыс халықтарының бесік жырларын, ән айту ережелерін сәйкестендіріп сипатын бере отырып ән орындау; 1.1.2.2 әндерді орындау кезінде негізгі дирижерлік қимылдарды түсіну; 1.1.2.3 музыкалық штрихтерді пайдалана отырып, шығармаларды орындауда музыкалық аспаптар	2.1.2.1 әртүрлі сипатты әндерді орындау, ән айту ережелерін сақтай отырып жеке ансамбльде, хорда, музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындау; 2.1.2.2 ырғақтық суреттемелерін сақтай отырып, дирижерлік қимылдарға сәйкестендіріп әндерді орындау; 2.1.2.3 екпін мен ырғақтық суреттемелерін сақтай отырып,	3.1.2.1 ырғақты және динамиканы сақтай отырып, музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен әр түрлі сипаттағы әндерді орындау; 3.1.2.2 көркемдік бейнені бере отырып, дирижерлік қимылдарға сәйкестендіріп әндерді орындау; 3.1.2.3 ансамбльде марш ырғағы мен вальс ырғағын қоса алғанда, түрлі ырғақты суреттемеле	4.1.2.1 дауыстың шығуы немесе аспапты дыбыстауда табиғат пен қоршаған өмірдің, көңіл-күйдің, сезімнің, адамның сипаты мен ойының бейнелерін іске асыру; 4.1.2.2 дирижерлік қимылдарға сәйкестендіріп сурет пен көркемдік бейнені бере отырып, ансамбльдік әнге қатысу; 4.1.2.3 ансамбль құру және әр түрлі

	қолжетімді құралдармен айта білу және түсіну	ен сүйемелдеу; 1.1.2.4 шығарманың сюжеті бойынша «жанды сурет» жасау, мұғалімнің бағыттаушы көмегін пайдалана отырып, оған ауызша түсініктемесі беру	шулы және ұрмалы аспаптарда ойнау; 2.1.2.4 театрландырылған және музыкалық - пластикалық композициялар жасау, вокалдық-хор шығармаларын орындау кезінде музыкалық бейнелерді іске асыру	рді, шулы музыкалық және қазақ халық ұрмалы аспаптарын да ырғақты және динамиканы сақтай отырып ойнау; 3.1.2.4 бейнелеу өнері құралдарымен музыкалық шығарманың бейнелі мазмұнын көрсету: суреттер, декорация эскиздері, костюмдер	шулы және қазақ музыкалық аспаптары бар ансамбльді басқару; 4.1.2.4 ән айту, сөз, қозғалыс, ойын, іс-қимылда кәсіби және халық шығармашылығының көркемдік-бейнелік мазмұнымен интонациялық – әуендік ерекшеліктерін іске асыру
1.3 Музыкалық сауаттылық	0.1.3.1 әуені мен мәтіні бойынша таныс әндерді атау және естіп тану; 0.1.3.2 хор түрлерін анықтап тану: балалар, әйел, ер, аралас; 0.1.3.3	1.1.3.1 әннің құрылымын білу: шумақ пен қайырман аяғы; 1.1.3.2 хордың түрлерін тану және қол жетімді деңгейде өз пікірін негіздеу;	2.1.3.1 музыкалық шығарманың ағы мотивті, музыкалық фразаны анықтау; 2.1.3.2 аспаптардың құрамы бойынша халық (қазақ, орыс) және симфониял	3.1.3.1 музыкалық форманың құрылымын анықтау: шумақ, шумақ-қайырма, бір бөлімді, екі бөлімді; 3.1.3.2 музыкалық шығарманы талдау кезінде негізгі музыкалық	4.1.3.1 классикалық музыкалық формаларды анықтау: соната, рондо, вариация, симфония; 4.1.3.2 ауызша және жазбаша жұмыстарда негізгі музыкалық

	<p>вокалдық миниатюралар мысалында музыка мен ауызекі сөйлеудің ұқсастығы мен айырмашылықтарын бақылау; 0.1.3.4 дыбыс биіктігін қол мен дененің қимылы арқылы бейнелеу («Музыкалық баспалдақ» ойнау); 0.1.3.5 бейнесі бойынша музыкалық аспаптарды тану</p>	<p>1.1.3.3 музыкалық жанрларды тану және атау; 1.1.3.4 графикалық жазбаны музыканың бейнесімен салыстыру; музыкадағы ақпаратты көрсетудің таңбалы-символдық құралдарын ұғыну; 1.1.3.5 қобыз бен балалайканымен бірге, түрлі музыкалық аспаптардың дыбысын есту арқылы анықтау</p>	<p>ық оркестрлерді осы аспаптарды атай отырып, дыбысталуына қарай көрнекілікке сүйеніп ажырату; 2.1.3.3 арнайы терминологияны пайдалана отырып, музыкалық жанрларды анықтау; 2.1.3.4 мұғалімнің бағыттаушы көмегімен ноталар бойынша қарапайым әуендер орындау; 2.1.3.5 халық және классикалық музыкалық аспаптардың дыбысталуын салыстыру</p>	<p>ұғымдарды анықтау және ажырату; 3.1.3.3 салыстыру мен ассоциацияларды пайдалана отырып, музыкалық жанрлар мен стильдерді анықтау және ажырату; 3.1.3.4 ноталар бойынша қарапайым әуендер орындау; 3.1.3.5 халық, үрмелі, симфониялық оркестрлердің музыкалық аспаптарын ажырату</p>	<p>ұғымдарды, оның ішінде шығарма-пайымдауларды пайдалану; 4.1.3.3 түрлі жанрда және стильде шығармаларды орындау; 4.1.3.4 ауызша және жазбаша жұмыстарды орындау кезінде ноталық сауаттылық негіздерін қолдану; 4.1.3.5 әр түрлі халықтардың музыкалық аспаптарын топтар бойынша топтастыру, оларды әр түрлі контекстерде салыстыру</p>
--	---	---	--	--	--

2) «Музыканы шығару тәжірибесі» бөлімі:

2-кесте

Бөлімшеле р	Оқыту мақсаттары				
	0- сынып	1-сынып	2- сынып	3- сынып	4- сынып
2.1 Музыкалық идеяларды дамыту және материалд арды жинақтау	0.2.1.1 музыкамен байланысты жұмбақтард ы шешу; 0.2.1.2 мұғалімнің ұйымдастыр ушылық көмегімен музыкалық идеяны іске асыру үшін музыкалық материалдар ды жинау процесінің мазмұнын бақылау және түсіну	1.2.1.1 музыкалық- шығармашыл ық жұмыс арқылы музыканың сипатын беру; 1.2.1.2 мұғалімнің бағыттаушык өмегімен балалар ән- биінің орындаушыл ық жоспарын құрастыру	2.2.1.1 музыкалы қ- шығармаш ылық жұмыс арқылы музыканы ң сипатын беру; 2.2.1.2 мерекелер ге, концертте рге дайындық бойынша басқа білім алушылар мен топта жұмыс істеу кезінде пәндік лексиканы пайдалана отырып, нақтылайт ын сұрақтар қою	3.2.1.1 музыкалы қ- шығарма шылық жұмыстар ға, музыкалы қ фразалард ы шығару үшін идеялар ұсыну; 3.2.1.2 мектептің мәдени- көпшілік іс- шаралары н ұйымдаст ыру мен өткізуге, оның ішінде афишаны әзірлеуге ересектер ге көмек көрсету	4.2.1.1 музыкалық - шығармаш ылық жұмыс үшін өз аудио-және видеотекас ын, түрлі материалда рды, ресурстард ы іріктеу, идеялар ұсыну; 4.2.1.2 музыка туралы ойлау процесінде, мұғаліммен және құрдастары мен музыкалық іс-әрекет барысында оқу ынтымақта стығын жоспарлау кезінде өзіндік сөйлеу тәжірибесі н өзектендіру
2.2	0.2.2.1	1.2.2.1	2.2.2.1	3.2.2.1	4.2.2.1

Музыка шығару және импровизациялау	мұғалімнің ұйымдастырушылық көмегімен музыкалық идеяны іске асыру үшін музыкалық материалдарды жинау процесінің мазмұнын бақылау және түсіну	әуенді шығару алгоритмінің элементтерін меңгеру	ән, би, марш рухындағы поэтикалық мазмұнға сәйкес қарапайым әуендер тақырыптағы импровизациялау	мәдени бос уақытты, өзіндік музыкалық шығармашылық қызметті музицирлеу элементтерімен ұйымдастыру	өзінің шығармашылық ойларын музыкалық іс-әрекеттің әртүрлі түрлерінде (ән айту және музыканы интерпретациялау, балалардың қарапайым музыкалық аспаптарында ойнау, музыкалық - пластикалық қозғалыс және импровизация) іске асыру
------------------------------------	--	---	---	---	--

3) «Музыкалық-шығармашылық жұмыс» бөлімі:
3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0- сынып	1-сынып	2- сынып	3- сынып	4- сынып
3.1 Музыкалық - шығармашылық жұмысты презентациялау және бағалау»	0.3.1.1 өз жұмысын үлгі бойынша сипаттай білу және орындау процесі	1.3.1.1 мұғалімнің көмекші сұрақтары негізінде өзінің музыкалық іс -	2.3.1.1 музыкалық - шығармашылық жұмысқа түсініктеме беру және оны	3.3.1.1 музыкалық - шығармашылық жұмысты бағалау және шығармаш	4.3.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмысты критерийлерге сәйкес бағалау, шығармаш

	<p>туралы айту; 0.3.1.2 музыкалы қ-шығармашылық жұмысты талдағанда және бағалағанда жалғаулар мен жұрнақтарды дұрыс қолдану және түсіну; 0.3.1.3 адамдарды әртүрлі көзқарастар болуына жол беру, мұғаліммен жолдастары берген өз жұмысының бағасын дұрыс қабылдау; 0.3.1.4 тыңдалған әндерде қоршаған болмыстың</p>	<p>әрекет нәтижелеріне баға беру; 1.3.1.2 музыкалы қ және музыкалы қ-ырғақтық терминдерді түсіну, тыңдай білу, білім алушылардың жұмысын бағалау бойынша диалогқа қатысуға бастама жасау; 1.3.1.3 орындалған музыкалы қ-шығармашылық жұмыстардың сапасын талқылау барысында конструктивтік ұстаныммен жұмыс</p>	<p>жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу; 2.3.1.2 берілген жоспар бойынша 45-50 сөз көлемінде талқылау элементтерімен бағалау сипатындағы (шығармашылық жұмыс материалдары бойынша) сипаттама -әңгіме беру; 2.3.1.3 өз шығармашылық нәтижелерін бағалау және түзету барысында мұғаліммен нәтижелі қарым - қатынас жасау және ынтымақта су, өзінің музыкалық</p>	<p>ылық жұмысты жақсарту үшін идеялар ұсыну; 3.3.1.2 мұғалімнің жетекшілігімен берілген шығармашылық жұмыстарды терминологияны, соның ішінде предикативті лексиканы қолдана отырып, берілген сапа критерийлері бойынша талдау және саралау; 3.3.1.3 музыкалық - шығармашылық қызметтің нәтижесін бағалау: қажет болған жағдайда</p>	<p>ылық жұмысты жақсарту туралы ұсыныстар енгізу; 4.3.1.2 мұғалімнің ұйымдастырушылық көмегімен музыкалық-шығармашылық жұмыстардың сапасын анықтау үшін қарапайым критериялы құралын құру; 4.3.1.3 шығармашылық жұмыстарды бағалаудың барлық кезеңдерінде тиімді ынтымақтастық дағдыларын көрсету, жанжалдардан аулақ болу және конфликт жағдайлардан шығу; 4.3.1.4 тікелей,</p>
--	---	---	---	---	--

	объектілер і мен құбылыстарын тану, атау және анықтау	авторына оң көзқарас көрсете отырып, ынтымақтастықты жүзеге асыру, жұптар мен шағын топтарда жұмыс істеу; 1.3.1.4 бағалауға дайындық кезінде өз әрекетін реттеу үшін сөйлеу тілін қолдану	- шығармашылық жұмыстарын ұжымдық талқылауға қатысу; 2.3.1.4 бағалау барысында вербальді емес құралдарды пайдаланатырып, тілектестікпен эмоционалды-адамгершілік қайырымдылықты көрсету	түзету; 3.3.1.4 бағалау процесінде салыстырудың, талдаудың, жинақтаудың, жіктеудің логикалық әрекеттерін меңгеруді көрсету	айқын және шынайы өз музыкасында көңіл-күй, сипатын және оған өз көзқарасын жеткізе білу
--	---	---	---	--	--

4) «Музыкалық терапияның элементтері» бөлімі:
4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0- сынып	1-сынып	2- сынып	3- сынып	4- сынып
4.1 Сөйлеудің психологиялық базасын дамытуға арналған музыкалық терапия элементтері	0.4.1.1 қарапайым объектілерге аспаптармен жанасу арқылы әртүрлі күшпен ұзақтықта	1.4.1.1 дыбыстың шығу көзін анықтау арқылы кеңістіктегі дыбысты оқшаулау; 1.4.1.2 бір орында тұрып	2.4.1.1 мұғалімнің бағыттаушы көмегімен музыкалық шығармалардың сюжеттерін де-оқиганың және одан	3.4.1.1 музыкалық шығарманың идеялары мен мәнмәтіндерін түсінуді көрсету:	4.4.1.1 музыкалық өнердің түрлеріне тұрақты қызығушылық білдіру: диалогтарда музыкантардың тегі,

	ғы дыбыстарды шығара білу; 0.4.1.2 “еркін дирижерлау” түрінде сезім мен уайымды жеткізу	музыкамен кадамдау, дене саулығы мен сергектік сезініп көрсету	кейінгі сезімнің, көңіл-күйдің логикалық себеп-салдарлық байланысын анықтау; 2.4.1.2 музыка бойынша твист-жүруді орындау, қимыл ырғағына ілесу, динамика мен әуеннің қарқыны мен қуанышын жеткізу	тыңдау, зейін қою, айту, қайталап айту, мимикалық қалыптарды қабылдау; 3.4.1.2 серіктестің мимика, пантомимика және қимыл бойынша көңіл-күйін көрсете отырып, музыкалық-ырғақтық қозғалыстарды орындау	шығармалардың атаулары, стильдер; 4.4.1.2 музыкалық сүйемелдеу мен тыйым салынған мимикалық және пантомимикалық қалыпта тапсырмаларды орындау
4.2 Эмоцияларды тұрақтандыруға арналған музыкалық терапияның элементтері	0.4.2.1 релаксациялық тәсілдерді білу және қолдану: мұғалімнің бағыттаушы көмегімен тырысудан босаңсуға; 0.4.2.2	1.4.2.1 релаксациялық тәсілдерді білу және қолдану: мұғалімнің бағыттаушы және ұйымдастырушылық нұсқау бойынша босаңсу; 1.4.2.2 музыкалық шығармалард	2.4.2.1 релаксациялық тәсілдерді білу және қолдану: өзін сендіру арқылы босаңсыту (аутосуггестия элементтері); 2.4.2.2 музыкалық шығармалар	3.4.2.1 қиын жағдайларда эмоционалдық шиеленіспен логофобияны шешуге өзін сендірудің кемінде 4-5 музыкалық	4.4.2.1 дем алу - дем шығару жиілігін төмендету арқылы қозғалыс және эмоциялық қозуды әлсірету; 4.4.2.2 музыкалық туындыны орындау

	седативті немесе белсендір уші әсер беретін (И. С. Бах) шығармал арды скрипка, флейта, орган дыбыстар ымен тыңдау	ағы әзіл-сықақ және дұрыс әсер етудің вербальді емес құралдарын бақылау, жағдаяттың әзіл екендігін сезіну	дағы әзіл-сықақ ахуалын түсіну және дұрыс әрекет етудің вербальді емес құралдарын пайдалану, жағдаяттың әзіл екендігін түсіну	қ формулала рын білу және қолдану; 3.4.2.2 музыкалы қ туындыны орындау кезінде (суретте, пиктограм мада) бейнеленг ен адамның мимикасы бойынша қуаныш, қайғы және таң қалу сезімін анықтау	кезінде, қуаныш, қайғы, таңқалу, қорқыныш, мимикалық қалыптард ы кезектестірі п көрсету
4.3 Сөйлеу тілі бұзылысы н алдын алу және жоюға бағытталғ ан музыкалы қ терапияны ң элементте рі	0.4.3.1 үлгі бойынша 3-5 массаж тәсілдерін қолдана отырып, саусақтар мен қол білезіктер іне музыка бойынша өздігінен массаж жасау; 0.4.3.2	1.4.3.1 сөздік нұсқау бойынша 3-5 массаж тәсілдерін қолдана отырып, саусақтар мен қол білезіктеріне музыка бойынша өздігінен массаж жасау; 1.4.3.2 А. Стрельникова бойынша	2.4.3.1 дыбыс беру механизмін нақтылау үшін кинестетика лық және көру анализаторл арын қолдану; 2.4.3.2 әуен ырғағының өзгеруіне сәйкес қозғалыс қарқынын	3.4.3.1 бірқалыпт ы әуендер мен қимылдар ды пайдалана отырып, бір дауыссыз дыбыстан күрделі буындық құрылымн ан келесі сөздерге бірқалыпт	4.4.3.1 симфониял ық оркестрдің орындауын да классикалы қ шығармала рды музыкамен артикуляци ялық мүшелер мен көзге арналған гимнастика ны,

	<p>ырғақпен оқу және оркестрде музыка орындау: баяу: ІІІ және жылдам: ІІІІІІ; 0.4.3.3 вальстік және марштық ырғағы бар (рифмаланған) мәтіндер мен әуендерде ұсынылған екі өлеңнен ырғақты суреттемілі - эталонды тану</p>	<p>парадоксалды тыныс алу гимнастикасынан әуен ырғағында 4-5 жаттығуды орындау; 1.4.3.3 күрделі буындық құрылымдарды анық және біріктіріп айту</p>	<p>өзгерту арқылы бет, артикуляциялық бұлшық еттерді дамытатын арнайы жаттығуларды орындау; 2.4.3.3 2-3-4 элементтен тұратын буындар сериясын түрлендіру, оларда дауысты, жұп дауысты дыбыстарды және дауыстың күшін әуен-аккомпанементтің өзгерістерін есәйкес түрлендіру</p>	<p>ы біртіндеп өту; 3.4.3.2 ән айту және сөйлеу актісінде тыныс алуды дұрыс реттеу, негізінен дауысты дыбыстарға ауа жіберу; 3.4.3.3 есту арқылы дауыспен және үзілісте негізгі, музыкаға тиесілі 1-2 сөзден тұратын сұрақ сөйлемінде сөзді анықтау</p>	<p>саусақпен динамикалық жаттығуларды орындау; 4.4.3.2 фонациялық тыныс алуды, дауыстап және ақырын дауысты шығаруды дамытуға жаттығулар жасау бойынша идеяларды ұсыну; 4.4.3.3 ән орындау кезінде өз тілінің дыбыстық мәдениетін жетілдіруге ұмтылысын көрсету</p>
--	---	--	--	---	---

31. Бағдарлама күрделі тіл кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

32. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің
0-4 сыныптары үшін «Музыка» пәнінен
жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу
бағдарламасына қосымша

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақмерзімді жоспар

1) 0 - сынып:
1- кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
1. Өзім туралы	1.1 Музыканы тыңдау және талдау	0.1.1.1 қол жетімді вербалды және вербалды емес құралдармен музыкаға тұрақты қызығушылықты көрсету
	1.2 Музыкалық шығармаларды орындау	0.1.2.2 дирижерлаудың мазмұны мен маңызы туралы қолжетімді құралдармен айта білу және түсіну
	1.3 Музыкалық сауаттылық	0.1.3.1 әуені мен мәтіні бойынша таныс әндерді атау және естіп тану
	2.1 Материалдарды жинау және музыкалық идеяларды іске асыру	0.2.1.1 музыкамен байланысты жұмбақтарды шешу
2. Менің мектебім	1.2 Музыкалық шығармаларды орындау	0.1.2.2 дирижерлаудың мазмұны мен маңызы туралы қолжетімді құралдармен айта білу және түсіну
	1.3 Музыкалық сауаттылық	0.1.3.2 хор түрлерін анықтап тану: балалар, әйел, ер, аралас
	3.1 Музыкалық-шығармашылық жұмысты презентациялау және бағалау	0.3.1.1 өз жұмысын үлгі бойынша сипаттай білу және орындау процесі туралы айту
	4.1 Сөйлеудің психологиялық базасын дамытуға арналған музыкалық терапия элементтері	0.4.1.1 қарапайым объектілерге аспаптармен жанасу арқылы әр түрлі күшпен ұзақтықтағы дыбыстарды шығара білу
2 - тоқсан		
3. Менің отбасым және достарым	1.1 Музыканы тыңдау және талдау	0.1.1.2 қазақ халық музыкасының дыбысталуына қол жетімді вербалды және вербалды емес құралдармен тұрақты

		қызығушылықты көрсету
	1.2 Музыкалық шығармаларды орындау	0.4.3.1 үлгі бойынша 3-5 массаж тәсілдерін қолдана отырып, саусақтар мен қол білезіктеріне музыка бойынша өздігінен массаж жасау
	1.3 Музыкалық сауаттылық	0.1.3.3 вокалдық миниатюралар мысалында музыка мен ауызекі сөйлеудің ұқсастығы мен айырмашылықтарын бақылау
	2.2 Музыка шығару және импровизациялау	0.2.2.1 әнге ырғақты сүйемелдеуді жазу
4 Бізді қоршаған әлем	1.1 Музыканы тыңдау және талдау	0.1.3.4 дыбыс биіктігін қол мен дененің қимылы арқылы бейнелеу («Музыкалық баспалдақ» ойнау)
	3.1 Музыкалық-шығармашылық жұмысты презентациялау және бағалау	0.3.1.2 музыкалық-шығармашылық жұмысты талдағанда және бағалағанда жалғаулар мен жұрнақтарды дұрыс қолдану және түсіну
	4.1 Сөйлеудің психологиялық базасын дамытуға арналған музыкалық терапия элементтері	0.4.1.2 “еркін дирижерлау” түрінде сезім мен уайымды жеткізу
3 - тоқсан		
5. Саяхат	1.1 Музыканы тыңдау және талдау	0.1.1.3 қобызды, балалайка мен барабанды тыңдай отырып, шулы және музыкалық дыбыстарды ажырату, оларды мұғаліммен ұштасқан сөйлеуде нақты атау
	1.2 Музыкалық шығармаларды орындау	0.1.2.4 дирижерлаудың мазмұны мен маңызы туралы қолжетімді құралдармен айта білу және түсіну
	2.2 Музыка шығару және импровизациялау	0.2.2.1 әнге ырғақты сүйемелдеуді жазу
6. Сал-дәстүр және ауыз әдебиеті	1.3 Музыкалық сауаттылық	0.1.3.5 бейнесі бойынша музыкалық аспаптарды тану
	3.1 Музыкалық-шығармашылық жұмысты презентациялау және бағалау	0.3.1.1 өз жұмысын үлгі бойынша сипаттай білу және орындау процесі туралы айту
	4.1 Сөйлеудің психологиялық базасын дамытуға арналған музыкалық терапия элементтері	0.4.1.1 қарапайым объектілерге аспаптармен жанасу арқылы әр түрлі күш пен ұзақтықтағы дыбыстарды шығара білу
4 - тоқсан		

7. Тағам және сусын	1.3 Музыкалық сауаттылық	0.1.3.5 бейнесі бойынша музыкалық аспаптарды тану
	2.1 Музыкалық идеяларды дамыту және материалдарды жинақтау	0.2.1.2 мұғалімнің ұйымдастырушылық көмегімен музыкалық идеяны іске асыру үшін музыкалық материалдарды жинау процесінің мазмұнын бақылау және түсіну
8. Дені саудың-жаны сау	1.1 Музыканы тыңдау және талдау	0.1.1.1 қол жетімді вербалды және вербалды емес құралдармен музыкаға тұрақты қызығушылықты көрсету
	1.3 Музыкалық сауаттылық	0.1.3.5 бейнесі бойынша музыкалық аспаптарды тану; 0.1.3.3 вокалдық миниатюралар мысалында музыка мен ауызекі сөйлеудің ұқсастығы мен айырмашылықтарын бақылау
	2.1 Музыкалық идеяларды дамыту және материалдарды жинақтау	0.2.1.2 мұғалімнің ұйымдастырушылық көмегімен музыкалық идеяны іске асыру үшін музыкалық материалдарды жинау процесінің мазмұнын бақылау және түсіну
	3.1 Музыкалық-шығармашылық жұмысты презентациялау және бағалау	0.3.1.3 адамдарда әртүрлі көзқарастар болуына жол беру, мұғалім мен жолдастары берген өз жұмысының бағасын дұрыс қабылдау; 0.3.1.4 тыңдалған әндерде қоршаған болмыстың объектілері мен құбылыстарын тану, атау және анықтау
	4.1 Сөйлеудің психологиялық базасын дамытуға арналған музыкалық терапия элементтері	0.4.1.2 “еркін дирижерлау” түрінде сезім мен уайымды жеткізу
	4.2 Эмоцияларды тұрақтандыруға арналған музыкалық терапияның элементтері	0.4.2.1 релаксациялық тәсілдерді білу және қолдану: мұғалімнің бағыттаушы көмегімен тырысудан босаңсуға; 0.4.2.2 седативті немесе белсендіруші әсер беретін (И. С. Бах) шығармаларды скрипка, флейта, орган дыбыстарымен тыңдау
	4.3 Сөйлеу тілі бұзылысын алдын алу және жоюға бағытталған музыкалық терапияның элементтері	0.4.3.1 үлгі бойынша 3-5 массаж тәсілдерін қолдана отырып, саусақтар мен қол білезіктеріне музыка бойынша өздігінен массаж жасау; 0.4.3.2 ырғақпен оқу және оркестрде музыка орындау: I III және жылдам: I III III

2) 1- сынып:

2 -кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
1. Өзім туралы	1.1 Музыканы тыңдау және талдау	1.1.1.1 таныс музыканы есту арқылы тану, оны түсіну және бағыттаушы көмекпен екпінді, динамиканы және регистрді сипаттай отырып ол туралы айту; 1.1.1.2 отандық өнер қайраткерлерінің музыкалық поэтикалық шығармашылығында, қазақ музыкалық фольклорының алуан түрлілігінде бағдарлану
	1.2 Музыкалық шығармаларды орындау	1.1.2.1 қазақ және орыс халықтарының бесік жырларын, ән айту ережелеріне сәйкес әннің сипатын бере отырып ән орындау; 1.1.2.2 әндерді орындау кезінде негізгі дирижерлік қимылдарды түсіну; 1.1.2.3 музыкалық штрихтерді пайдалана отырып, шығармаларды орындауда музыкалық аспаптармен сүйемелдеу; 1.1.2.4 шығарманың сюжеті бойынша «жанды сурет» жасау, мұғалімнің бағыттаушы көмегін пайдалана отырып, оған ауызша түсініктеме беру
	1.3 Музыкалық сауаттылық	1.1.3.1 әннің құрылымын білу: шумақ пен қайырманы ажырату; 1.1.3.2 хордың түрлерін тану және қол жетімді деңгейде өз пікірін негіздеу; 1.1.3.3 музыкалық жанрларды тану және атау; 1.1.3.5 қобыз бен балалайканымен бірге, түрлі музыкалық аспаптардың дыбысын есту арқылы анықтау
	2.1 Музыкалық идеяларды дамыту және материалдарды жинақтау	1.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыс арқылы музыканың сипатын беру
2. Менің мектебім	1.1 Музыканы тыңдау және талдау	1.1.1.1 таныс музыканы есту арқылы тану, оны түсіну және бағыттаушы көмекпен екпінді, динамиканы және регистрді сипаттай отырып ол туралы айту; 1.1.1.2 отандық өнер қайраткерлерінің музыкалық поэтикалық шығармашылығында, қазақ музыкалық фольклорының алуан түрлілігінде бағдарлану
	1.2 Музыкалық	1.1.2.1 қазақ және орыс халықтарының бесік

	шығармаларды орындау	жырларын, ән айту ережелеріне сәйкес әннің сипатын бере отырып ән орындау; 1.1.2.2 әндерді орындау кезінде негізгі дирижерлік қимылдарды түсіну; 1.1.2.4 шығарманың сюжеті бойынша «жанды сурет» жасау, мұғалімнің бағыттаушы көмегін пайдалана отырып, оған ауызша түсініктеме беру
	1.3 Музыкалық сауаттылық	1.1.3.1 әннің құрылымын білу: шумақ пен қайырманы ажырату; 1.1.3.2 хордың түрлерін тану және қол жетімді деңгейде өз пікірін негіздеу; 1.1.3.3 музыкалық жанрларды тану және атау; 1.1.3.4 графикалық жазбаны музыканың бейнесімен салыстыру; музыкадағы ақпаратты көрсетудің таңбалы-символдық құралдарын ұғыну; 1.1.3.5 қобыз бен балалайканымен бірге, түрлі музыкалық аспаптардың дыбысын есту арқылы анықтау
	2.1 Музыкалық идеяларды дамыту және материалдарды жинақтау	1.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыс арқылы музыканың сипатын беру
	3.1 Музыкалық-шығармашылық жұмысты презентациялау және бағалау	1.3.1.1 мұғалімнің көмекші сұрақтары негізінде өзінің музыкалық іс - әрекет нәтижелеріне баға беру
	4.1 Сөйлеудің психологиялық базасын дамытуға арналған музыкалық терапия элементтері	1.4.1.1 дыбыстың шығу көзін анықтау арқылы кеңістіктегі дыбысты оқшаулау; 1.4.1.2 бір орында тұрып музыкамен қадамдау, дене саулығы мен сергектік сезініп көрсету
2 - тоқсан		
3. Менің отбасым және достарым	1.1 Музыканы тыңдау және талдау	1.1.1.1 таныс музыканы есту арқылы тану, оны түсіну және бағыттаушы көмекпен екпінді, динамиканы және регистрді сипаттай отырып ол туралы айту
	1.2 Музыкалық шығармаларды орындау	1.1.2.1 қазақ және орыс халықтарының бесік жырларын, ән айту ережелеріне сәйкес әннің сипатын бере отырып ән орындау; 1.1.2.2 әндерді орындау кезінде негізгі дирижерлік қимылдарды түсіну
	1.3 Музыкалық сауаттылық	1.1.3.1 әннің құрылымын білу: шумақ пен қайырманы ажырату; 1.1.3.2 хордың түрлерін тану және қол

